Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына 7-қосымша
Нысан

**Кімге:** "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына

**Кімнен:** «Жағымды жаңалық» қоғамдық қорынан

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Өтініш беруші | | | | |
| 1. БСН | 201240004559 | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | 04 желтоқсан 2020 жылы | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 ш/а, 3 үй, 51 пәтер | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Тегі<br>**Қуанышбай** | Аты<br>**Нұрлан** | Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>**Алтынбекұлы** | Лауазымы<br>**Қор директоры** |
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | - Мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау, ел арасында тиісті ақпараттық қолдау көрсету;<br>- Балалардың, жасөспірімдердің және жастардың шығармашылығын дамыту;<br>- Жастардың бос уақыын тиімді пайдалануға үгіттеу, қоғамдық шараларға белсенді қатыстыру;<br>- Жастардың қатысуымен түрлі жиындар өткізу; | | | |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | 1. 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдер<br>2. 18-35 жас аралағындағы жастар<br>3. 35-63 жас аралығындағы азаматтар<br>4. Маңғыстау облысындағы NEED санатындағы жастар | | | |

<table>
<tr><td></td><td>5. Жас мамандар, жас қоғамдық ұйым басшылары<br>6. Қоғамдағы белсенді жастар, жас мемлекеттік қызметкерлер, депутаттар</td></tr>
<tr><td>8. Ұйымның байланыс телефоны</td><td>87075203007 (WhatsApp)<br>87754203007</td></tr>
<tr><td>9. Электрондық пошта мекенжайы</td><td>jagymdyjanalyq2024@gmail.com<br><br>jagymdyjanalyq@mail.ru</td></tr>
<tr><td>10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты</td><td>Жоқ</td></tr>
<tr><td>11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)</td><td>«Инстаграм» әлеуметтік желісінде: https://www.instagram.com/jagymdy_janalyq/?igsh=eWlwbm9qMXhpdGVv<br>«Фейсбук» әлеуметтік желісінде: https://www.facebook.com/profile.php?id=61556708973381&mibextid=ZbWKwL</td></tr>
<tr><td>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</td><td>
<table>
<tr><td rowspan="2">№</td><td rowspan="2">Әлеуметтік жобаның атауы</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көлемі (теңге)</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</td><td colspan="2">Орындау кезеңі</td><td>Негізгі нәтижелері</td></tr>
<tr><td>Басталуы</td><td>Аяқталуы</td><td></td></tr>
<tr><td>1.</td><td>Мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылы</td><td>9 499 000</td><td>«Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы» ММ</td><td>28.03.2023</td><td>30.11.2023</td><td>1. Өңірдегі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшыларына Республикалық медиа тренерлерді шақырту арқылы 3 семинар-тренинг өткізілді;<br>2. Өңірдегі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшыларына арналған тәжірибе алмасу бойынша</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | кемінде 200 маманның қатысуымен 3 шеберлік сағаты өтті.<br>3. Өңірдегі кемінде 10 БАҚ қызметкері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшысы республикалық БАҚ, медиа және баспасөз орталықтарында тағылымдамадан өтті;<br>Өңірдегі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшыларына арналған ерлер арасында шағын футболдан, қыздар арасында волейбол ойынынан «БАҚ КУБОГІ» ұйымдастырылды |
| 2 | Маңғыстау облысындағы жастарға арналған мемлекеттік қолдау шараларының іске асуына қоғамдық мониторинг жүргізу | Қаражат талап етпеді | Қазақстандағы АҚШ Елшілігі; «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ | сәуір 2023 жылы | қараша 2023 жылы | 1. Ақтау қаласының 80-ге жуық жас азаматтың қатысуымен әлеуметтік сұхбат жүргізілді; https://www.instagram.com/reel/CthXoQgoMxo/?igsh=MTB5aWt6cmR0eXpmMA==<br>Аймақтағы 2 мемлекеттік қолдау жобаларына талдау жасалды;<br>https://www.instagram.com/reel/CtpNwB8J8Zc/?igsh=M |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | mQ0MWZ4ZXR6eW5z |
| | 3 | Өңірдегі үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-тың өзара іс-қимылы | Қаражат талап етпеді | Қазақстандағы АҚШ Елшілігі; «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ | сәуір 2023 жылы | қараша 2023 жылы | Маңғыстау облысындағы 15 ҮЕҰ жетекшісі мен өкілі медиасауаттылығын арттырды |

| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | |
|---|---|
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Қуанышбай Нұрлан Алтынбекұлы – Қор директоры / Жоба жетекшісі |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2014 – 2017 ж. «Қазақстан» РТРК АҚ МОФ «Қазақстан – Ақтау» телеарнасы<br>**Редактор – тележүргізуші**<br>2017 – 2018 ж. «ЕВРАЗИЯ.1-АРНАСЫ»<br>**Маңғыстау облысы бойынша стрингер**<br>2017 – 2018 ж. «Қазақстан» РТРК АҚ МОФ «Маңғыстау» телеарнасы<br>**«Жаңалықтар бөлімінің» шеф-редакторы**<br>2018 – 2021 ж. «Қазақстан» РТРК АҚ МОФ «Маңғыстау» телеарнасы<br>**Редактор – Ақпарат бөлімінің тілшісі**<br>2021 – 2022 ж. Маңғыстау туризм колледжі<br>**Оқыту шебері, «Студенттік парламент» жетекшісі**<br>2022 – 2024 ж. MEDIA HOLDING «Atameken Business»<br>**Маңғыстау облысы бойынша меншікті тілші**<br>2021 – бүгінге дейін «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры<br>**Қор директоры** |
| 3. Қосымша мәліметтер | - 2018 ж. «Сот репортеры» - Маңғыстау облыстық соты<br>- 2015 ж. «Заманауи тележурналистика» - Гүлнәз Ауданбаеваның авторлық курсы<br>- 2018 ж. ҚР Журналистер Одағының мүшесі<br>- 2023 ж. «ҮЕҰ және қоғам» нетворкинг алаңы «Тренерлерге арналған тренинг» - Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянс<br>- 2024 ж. «Спорт жөніндегі Қоғамдық кеңес мүшесі» - Маңғыстау облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасы<br>- 2023 ж. «Қайырымдылық тарихы» номинациясының лауреаты – Республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауы |
| 4. Әлеуметтік желілердегі | «**Инстаграм**» әлеуметтік желісінде: https://www.instagram.com/nurekekuanyshbai3007?igsh=MW9pb2doOXNpam5tdA |

| | |
|---|---|
| бейіндерге сілтеме: | **«Фейсбук»** әлеуметтік желісінде: https://www.facebook.com/profile.php?id=100011001768855&mibextid=ZbWKwL<br>**Электронды пошта:** ussen9393@mail.ru |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Абдиев Қанат Рахимұлы – Жоба үйлестірушісі |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | **2007 – 2008 ж.** «Keppel Kazakhstan» ЖШС<br>Шебер көмекшісі<br>**2008 – 2009 ж.** «ERSAI» ЖШС<br>Оператор<br>**2009 – 2018 ж.** «Қазақстан темір жолы» ЖШС<br>Вагон қараушы-жөндеуші 5-разряд<br>**2018 – 2019 ж.** «KCOI» ЖШС<br>Оператор<br>**2019 – 2020 ж.** «СМК-4» ЖШС<br>Бас директордың орынбасары |
| 3. Қосымша мәліметтер | 1. ҚР Президентінің «халық алғысы» төсбелгісі – 2021 ж.<br>2. Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаты – 2018, 2019 ж.<br>3. «Ақтау қаласына 60 жыл» төсбелгісі – 2023 ж.<br>4. Сайөтес ауылдық округі әкімінің алғыс хаты – 2017 ж.<br>5. «ҚТЖ» ҰҚ АҚ алғыс хаты – 2015 ж.<br>6. Сертификат «Кәсіпкер гид: бизнес модельдеу» - 2017 ж. |
| 4. Әлеуметтік желідегі бейіндерге сілтеме: | **«Инстаграм»:** https://www.instagram.com/abdiev_kanat362?igsh=cWpnb2RsdTBxcTNo<br>**«Фейсбук»:** https://www.facebook.com/kanat.abdiev.1?mibextid=ZbWKwL |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Оңғарбаева Камшат Түркменбайқызы – Жоба есепшісі |
| 5. Жұмыс тәжірибесі | 2002 – 2003 ж. «АФК Ардагер» ЖШС<br>**Есепші** |

| | |
|---|---|
| | 2005 – 2009 ж. «Фирма Терминал» ЖШС<br>**Қаржы менеджері**<br>2009 – 2012 ж. «Aktau Shipping» ЖШС<br>**Бас есепші**<br>2013 – бүгінгі күнге дейін. «ServiceComplectPlus» ЖШС<br>**Бас есепші**<br>2023 – қазіргі кезге дейін. «Жағымды жаңалық» Қоғамдық Қоры<br>**Бас есепші** |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру; |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | Жастарға арналған коуоркиң желісін іске асыру; |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | **Жастар –** мемлекеттің ең басты стратегиялық, әлеуметтік, электоральды ресурстарының бірі. Кез-келген қоғамның жанару мен даму болашағы жастарға байланысты. Жастар жаңа ойлардың желісін жақсартуға бағытталуымен үйлесетін болса, айрықша әлеуметтік топ ретінде жергілікті, мемлекетті басқаруда жастардың белсенді қатысуы және барлық қоғам үшін маңызды шешімдер қабылдауды ұйғару керек. Жастар мемлекеттің және қоғамның әлеуметтік құрылымындағы маңызды топ болып табылады.<br><br>**«Жастар»** ғылыми-зерттеу орталығы ауыл жастарының жай-күйін зерттеу мақсатында тұрғылықты жерлердегі мәселелерге қатысты әлеуметтік сауалнама жүргізген еді. Соның нәтижесінде ауыл-аймақтағы жастарды не толғандыратыны туралы біраз мағлұмат жиналды. Атап айтсақ, бірінші кезекте жастарды азық-түлікке, халық тұтынатын тауарлар¬ға жоғары бағалар мен табыс деңгейінің төмендігі алаңдатады. Сауалнама қатысқандардың 40%-дан көбі осы мәселелерді бөлек атады. Бұдан кейін жұмысқа орналасу және жұмыссыздық мәселесін айтып қынжылыс білдіргендер 38,8%-ды құрады. Респонденттердің шамамен бестен бір бөлігі өз баспанасының жоқтығына, жоғары білімнің жоғары құнына және несиелер бойынша қарыз міндеттемелеріне шағымданған. Сондай-ақ басқа да мә¬селелер көрсеткішіне тоқталсақ, ертеңгі күнге деген сенімділіктің болмауы – 11%, жастардың бос уақытын өткізу – 11%, медициналық қызмет көрсету сапасының төмендігі – 9%, сыбайлас жемқорлық – 8,7%. Ауыл жастарының қалаға қоныс аудару үрдісі қарқын алып келе жатқаны – белгілі жайт. Жоғарыда айтылған жастардың проблемалары осы жағдайдың салдары екені түсінікті. Енді жиналған деректерден тақырыптың тағы бір қырына үңілуге болатынын байқадық. Ол – қай проблеманың қай өңірде өзектілігі |

басымырақ болып тұрғандығы. Мәселен, азық-түлікке, халық тұтынатын тауарларға жо¬ғары баға мәселесі көбінесе Қостанай (84%), Қызылорда (63%), Батыс Қазақстан (58%) және Атырау (55%) облыстарының жастарын толғандырады екен. Табыс деңгейінің төмендігіне Қостанай (88 %), Жамбыл (64%) және Ақтөбе (51%) облыстарының жастары алаңдаулы. «Екі қолға бір күрек» іздеген жастары көп өңірлердің үштігіне Қостанай (62%), Маңғыстау (56%) және Алматы облыстары (52%) кіреді. Басқаларға қарағанда баспанасының болмауына көп бас ауыртатын Алматы (42%), Маңғыстау (32%) және Атырау облысында (52,2%) тұратын жас азаматтар екен. Жоғары білім алудың құны шарықтап тұр деп санайтындар – Солтүстік Қазақстан (36%), Қарағанды (36%) және Атырау (32%) облыстарының жас тұрғындары. Ақыр соңында өзекті мәселелер матрицасын Қызылорда (33%), Алматы (32%) және Қостанай (22%) облыстарының жастарын алаңдататын несиелер бойынша қарыз міндеттемелері түйіндеді. Сонымен қатар сауалнама қорытын¬дысын әлеуметтік-мәдени мәселелер бо¬йынша өңірлерге жіктеуге болады. Айталық, ертеңгі күнге сенімсіздік Алматы (30%), Батыс Қазақстан (20%) және Қостанай (10%) облыстарының жастарына тән. Жастардың бос уақытын өткізу мәселесі Шығыс Қазақстан (38%), Қызылорда (22%) және Павлодар (19%) облыстарында өте өзекті. Медициналық қызмет көрсетудің төмен сапасы көбінесе Павлодар (23%), Қызылорда (18%) және Қостанай (18%) облысарында байқалады. Сауалнама жүргізілгенде жастардың жас ерекшеліктері де ескерілді. Мәселен, 14-18 жас аралығындағы жастар жоғары білім алу ақысының қымбаттығына қынжылыс білдіреді. Бос уақытты ұйымдастыру мәселелеріне де мән берген – осы жастағылар. Ал ертеңгі күніне сенімділіктің төмен көрсеткіші 19-23 жас-тағыларға тән. Осы жастарға қоса 24-28 жас аралығындағы азаматтар экономикалық мәселелерге алаңдаушылық білдіреді. Мәселелердің ерекшелігіне жастардың өз отбасыларын құрған-құрмағандығы да ықпал етіп отырғандығын атап өткен жөн. (https://eljastary.kz/reports/)

Сондай-ақ уәкілетті органның мәліметіне сәйкес 2009 жылы бастау алған «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға барған жас мамандардың 944-і келісімшартын бұзған. Ал «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша соңғы үш жыл ішінде диплом алған 714 түлектің 71-і ғана тұрақтап қалған.

Аталған мәселелерді шешуде жаңа тетіктерді қалыптастыру және уақыт талабына сәйкес өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өткен жылы «2023 – 2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы» (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247) қабылданған болатын. Бұл құжат бірнеше бағыттан тұрады. Соның бірі – «Жастар және ауыл» бағыты. Бүгінде жастардың 43,7%-ы ауылда тұрады. Тұжырымдамада ауыл жастарының кәсіби дамуына, сондай-ақ кәсіпкерлік арқылы олардың әлеуетін іске асыруға бас назар аударылады. Сонымен қатар кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, «жоғарыда аталған шаралар аясында 2029 жылға дейін 1 млн ауыл жастарын жұмыспен қамту, 1,5 млн жастың цифрлық сауаттылығын арттыру, 3,8 млн жасты ресурстық орталықтар арқылы әлеуметтік қызметтермен қамту көзделген», — деді Дархан Қыдырәлі. Мемлекет басшысының саяси реформалары аясында бекітілген жастарға арналған 30% квота олардың саяси белсенділігін арттыруға серпін берді. Министрдің айтуынша, жастарды мектеп пен студенттік кезден өзін-өзі басқаруды, пікірталастарды дамытудан бастап, мемлекеттік органдардың қоғамдық кеңестеріне қатысуға дейінгі шешімдер қабылдау процесіне біртіндеп тартуды көздеп отыр. Аталған тұжырымдаманың нәтижесінде 2029 жылға дейін қоғамдық кеңестердегі жастар квотасын 20%-ға арттыру, жас мемлекеттік қызметшілердің көрсеткішін 25%-ға ұлғайту, 2,2 млн жасты волонтерлік, қайырымдылық және экологиялық

бастамаларға тарту жоспарлануда. Тұжырымдама аясында жұмысқа уақытша орналаспаған жастар көрсеткішін төмендету мақсатында кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша еріктілер жобалары іске асырылады. Тұрақты негізде NEET санатындағы жастардың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатына жүйелі мониторинг жүргізіледі. Ал нәтижесінде NEET санатындағы жастардың үлесі 6,7%-дан 3,5%-ға дейін төмендейді. Сондай-ақ 2029 жылға дейін 18,2 мың жасқа жеңілдетілген несие беріледі. Пысықтау нәтижесінде қосылған индикаторлардың бірі – жастарды жұмыспен және жоғары біліммен қамту. Нақтырақ айтқанда, 2,3 млн жасты жұмыспен, 2,8 миллион жасты жоғары біліммен қамту көзделіп отыр. Тағы бір маңызды бағыт – Жаңа медиаға және жастар арасындағы қоғамдық пікір көшбасшыларымен жұмыс істеуге баса назар аударылады. Қолдау шаралары «бір терезе» қағидаты бойынша ыңғайлы цифрлық форматта жиналады. Іске асырылып жатқан шараларды объективті бағалау үшін жастарды дамыту индексі енгізіледі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы бірыңғай республикалық ғылыми-әдістемелік институтқа трансформацияланады. Нәтижесінде 90% жас мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар болады деп күтілуде. (https://primeminister.kz/news/2029-zhyla-deyin-auylda-1-mln-zhasty-zhmysa-ornalastyru-zhosparlanyp-otyr-d-ydyrli-23417)

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының мәліметіне сәйкес (https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-zhastar/press/news/details/707812?lang=ru) облыс бойынша 14 пен 35 жас аралығындағы жастардың саны – 231 137, ол облыс халқының 29,8%-ын құрайды. Оның ішінде – 101 477 қалада, 129 660 ауылдық елді – мекендерде тұрады. Аталған жастармен тікелей жұмыс жасайтын аймақта 8 жастар ресурстық орталықтары оның ішінде 1 облыстық, 2 қалалық және 5 аудандық деңгейінде қызмет атқарады.

Жастар арасында ең өзекті мәселелердің бірі – құқық бұзушылық болып табылады. Маңғыстау облыстық полиция департаментінің (https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd-mangystau?lang=kk) ақпаратына сәйкес, бүгінгі күнге дейінгі жағдай бойынша тіркелген жастар арасында арасындағы құқықбұзушылық фактілері – 796, (2022 жылы – 667), ал өз-өзіне қол жұмсау (суицид) фактілері – 26 (2022 жылы – 30). Оның ішінде Ақтау қаласы – 424 (16) жас, Жаңаөзен қаласы – 123 (1) жас, Бейнеу ауданы – 37 (1) жас, Қарақия ауданы – 34 (1) жас, Маңғыстау ауданы – 28 (0) жас, Мұнайлы ауданы – 123 (7) жас, Түпқараған ауданы – 27 (0) жас.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық бюро қызметінің мәліметіне сәйкес (https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/) 2023 жылдың 4 тоқсаны бойынша республика бойынша NEET санатындағы жастардың үлесі - 7,1%-ды құрап отырса, Маңғыстау облысы бойынша NEET санатындағы жастардың үлесі - 10,7%, ал, республика бойынша жастар жұмыссыздығының деңгейі - 3,4%-ды құраса, Маңғыстау облысы бойынша жастар жұмыссыздығының деңгейі - 4,1%-ды құрап отыр.

Сондай-ақ 2023 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша облыста 5008 неке тіркелген. Оның 2558 қалада, ал 2450 неке ауылда тіркелген. Алайда, өкінішке қарай, жыл соңына дейін 407 неке сәтсіз болып, ресми ажырасқан болып саналады. 261 дерек қалада болса, 146 неке ауылдық жерде сәтсіздіке ұшыраған.

**Жоғарыда көрсетілген сандық деректер – Маңғыстау облысында жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру,**

**олардың жан-жақты әлеуметтендіру маңызды екендігін көрсетіп отыр. Оның ішінде орталықтан шалғай орналасқан елді-мекен яғни ауыл жастарын әлеуметтендіру өзектілігі өршіп тұр. Бұл ретте Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы ұсынып отырған «Жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру» тақырыбындағы мемлекеттік грант аталған мәселелерді, аймақ жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алуға ықпал ететіндігін сенім білдіреміз.**

**Ауыл-аймақтарда орын алатын көше төбелестерінің жиілеуі, жасөспірімдердің біріне бірі әлімжеттік көрсетуі, ауыл жастарының жұмыссыздығы, қалаға «үдере көшуі» сынды мәселелер – аймақтағы елді-мекендердегі жастардың сұранысына жауап бере алатын алаңдардың жоқтығы салдарынан туындап отыр. Осы ретте «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры аймақтағы кемінде 3 ауылда қоғамдық кеңістікті – жастарға арналған коуоркиңті пайдалануға беруді ұсынып отыр.**

***Коуоркиң*** *ағылшын тілінен аударғанда* **(coworking) - *"бірлескен жұмыс"*** *деген мағына береді. Коуоркиң жұмыс кеңістігінің икемді ұйымдастырылуын және келушілердің қауымдастығын және ішкі мәдениетті қалыптастыруға ұмтылысын сипаттайды. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ,* ***коуоркиң дегеніміз – тың идеяларды дамытуға күш жұмсап жүрген адамдардың басын біріктіретін, арнайы техникамен жабдықталған кеңсе.***

Жоғарыда атап өткендей аталған қоғамдық кеңістіктер аймақтағы ауылдық жерлерде инфрақұрылым мен жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін ұсынылатын алаң болып табылады. Нәтижесінде, ауыл жастарын жан-жақты қолдау мен дамуға бағытталған жүйелік бағдарламалар мен жобалардың болмауына байланысты туындаған белгілі бір әлеуметтік пассивтілікті жою, олардың әлеуметтік бастамаларын қолдау, қандайда бір идеясын іске асыруға мүдделес серіктестерді табуға мүкіндік беріледі.

Елді мекендерде жастарға арналған заманауи қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру арқылы ауыл жастарын әлеуметтендіруге мүмкіндік туады. Аталған қоғамдық кеңістіктер – жастардың шоғырлану, әлеуметтік және инновациялық идеялар алмасу, әлеуметтік бастамаларды іске асыру, зияткерлік ойындарды ұйымдастыру арқылы олардың бос уақытын тиімді өткізуге толық жағдай жасалады. Қазіргі таңда ауыл жастарына арналған қоғамдық кеңістікті қалыптастыру барысында кеңістіктің жастарға материалдық-техникалық базаны ұсынуынан бөлек, оның тұрақты қызметін, жастарға нақты қызметтер ұсынуын ұйымдастыруға мүмкіндік беріледі.

**«Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры ұсынып отырған коуоркиңтер желісі ауыл жастарының маңызды тарихи және әлеуметтік мәселелерге деген қызығушылығын оятатын, кездесулерді ұйымдастыру және жүйелі диалог құру арқылы жастардың билік органдарына деген сенімін арттыратын, нәтижесінде мақсатты топтың белсенділігінің артуына әкелетін тең диалогты, миға шабуыл жасауды көздейді. Аталған алаң жастарға белсенді, қабілетті және өзін-өзі дамытуға ұмтылатын адамдарды біріктіру мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік беріп, ауыл жастары үшін тартымды орынға айналады.**

| | |
|---|---|
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Ауыл жастарының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында жабдықталған коуоркиң желісін іске асыру; |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | **1.** Маңғыстау облысының жастарға арналған тұрақты коуоркиңті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету және пайдалануға беру;<br>**2.** Пайдалануға берілген коуоркиңте кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;<br>**3.** Маңғыстау облысындағы жастарға арналған қоғамдық кеңістіктер туралы кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **1-міндет – Маңғыстау облысының жастарға арналған тұрақты коуоркиңті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету және пайдалануға беру:**<br>**1-іс-шара.** Тапсырыс берушімен келісе отырып, облыстағы аудандық әкімдіктермен «Маңғыстау облысында жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру» жобасын іске асыру жөнінде өзара ынтымақтастық пен серіктестік жөнінде Меморандумға қол қойылады. Меморандум мәні мен мазмұны Тапсырыс берушімен келісіледі.<br>**№2-іс-шара.** «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры Тапсырыс берушінің келісімімен таңдалған ауыл-аймақтағы (жергілікті атқарушы органның теңгеріміндегі) орын-жайды өлшеу, сараптау жұмысын жүргізеді. Өлшемдер алынған соң орын-жайдың жөндеуіне қажеттіліктер бағаланып, ақау актісі жасақталады. Акті қорытындысы бойынша шығыстар көлемі есептеледі.<br>**№3-іс-шара.** Орын-жайды ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша шығындар сметасы жасақталып, коуоркиңтің алдын ала жұмыс эскизі жасақталады. Қор мамандары жұмыс эскизін Тапсырыс берушімен келіседі, ескертпелер болған жағдайда түзетулер енгізеді және бекітеді.<br>**№4-іс-шара.** Жұмыс эскизіне бекітілгеннен соң 2 айдан артық емес мерзімде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай – ақ 2 айдан артық емес мерзімде коуоркиңке қажетті материалдық-техникалық базасы сатып алынып, орналастырылады.<br>**№5-іс-шара.** Қор мамандары жасалып жатқан жұмыстар жөнінде ауыл әкімдігі мен ауыл тұрғындарына ақпараттық-түсіндірме жұмысын ұйымдастырып, әлеуметтік желілерде сапалы видео және фото сүйемелдеу арқылы ақпараттық жұмысты ұйымдастырады.<br>**№6-іс-шара.** Жоспарланған жұмыстар 99,9%-ға біткен жағдайда, коуоркиң алаңын ашу рәсімін ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Ауыл ақсақалдары мен жастары, белсенділер, Тапсырыс беруші тараптың өкілі қатысуымен салтанатты іс-шара ұйымдастырылады.<br>**№7-іс-шара.** Коуоркиң қызметі толық іске қосылғаннан кейін 3 айдан артық емес мерзімде қоғамдық қор коуоркиңтегі барлық материалдық-техникалық базаны ауыл әкімдігінің теңгеріміне береді. Теңгерімге беру материалдық-техникалық базаны қабылдап алу және беру актісі ретінде рәсімделеді.<br>**№8-іс-шара.** Қоғамдық қор аталған коуоркиңтер желісінің қызметіне, күтіп ұстау деңгейіне 2025 жылдың соңына дейін жылына 2 рет қоғамдық бақылау жүргізеді. Коуоркиңті мақсатсыз пайдалану немесе қасақана мүлікті бүлдіру жөнінде шағым болған жағдайда Тапсырыс берушіге қызметтік хат жолданады. |

| | |
|---|---|
| | **2-міндет – Пайдалануға берілген коуоркиңте кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуын қамтамасыз ету:**<br>**№1 іс-шара.** Жоғарыда көрсетілген Меморандум негізінде әрбір коуоркиң қызметіне, коуоркиңте ұйымдастырылатын іс-шаралар бойынша жеке жұмыс жоспары жасақталады. Аталған жоспар Тапсырыс берушімен келісе отырып бекітіледі.<br>**№2 іс-шара.** Аталған коуоркиңтер желісін пайдаланушы – ауылдың белсенді жастарының ішінен көшбасшы жас тағайындалып, үйлестіру жұмыстары жүргізіледі.<br>**№3 іс-шара.** Коуоркиңтерде ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы ақпарат қордың және Тапсырыс берушінің, ауыл әкімдіктерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және жергілікті БАҚ беттерінде жарияланады.<br>**№4 іс-шара.** Ауыл әкімдіктерімен бірлесе ауыл жастары мен азаматтарына арналған жалпы алғанда кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Демеушілер мен жергілікті тұрғындарды тарта отырып зияткерлік байқаулар, кездесулер мен семинар-тренингтер ұйымдастырылады.<br>**№5 іс-шара.** Коуоркиң қызметін ұйымдастыруға нысан орналасқан ауылдың аудан орталығындағы жастар ресурстық орталықтары атсалысады. Аталған алаңдарды бірлесе пайдалану, жастар арасында танымалдылығы мен тартымдылығын арттыру бойынша нақты іс-шаралар ұйымдастырылады.<br><br>**3-міндет – «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры жобаның инновациясы ретінде - Маңғыстау облысындағы жастарға арналған қоғамдық кеңістіктер туралы кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру міндетін ұсынып отыр.**<br>**№1 іс-шара.** Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында Маңғыстау облысында жастарға арналған әлеуметтік нысандар мен креативті алаңдар, қоғамдық кеңістіктер туралы арнайы айдар ашылып, 1 айда екі реттен кем емес шолу жасалады. |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | сәуір айы 2024 жылы |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | қыркүйек айы 2024 жылы |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | **1.** Маңғыстау облысындағы 18-35 жас аралығында жастар;<br>**2.** Маңғыстау облысындағы 14-17 жас аралығындағы жасөспірімдер;<br>**3.** Маңғыстау облысындағы NEET санатына енетін жастар;<br>**4.** Маңғыстау облысындағы бастамашыл топтар мен фрилансерлер, жас кәсіпкерлер;<br>**5.** Маңғыстау облысындағы жастар ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың басшылары, қоғамның белсенді жастары |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған | **1.** Маңғыстау облысының кемінде 3 коуоркиң қызметін ұйымдастыру арқылы ауыл жастарын қоғамдық жұмысқа тарту;<br>**2.** Маңғыстау облысының жастарға арналған тұрақты коуоркиңті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етіледі |

| | | |
|---|---|---|
| әлеуметтік жобаның нәтижелері | және пайдалануға беріледі;<br>**3.** Пайдалануға берілген коуоркинңте кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады;<br>**4.** Маңғыстау облысындағы жастарға арналған қоғамдық кеңістіктер туралы кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырылады | |
| Сандық нәтижелері | **1.** Маңғыстау облысының кемінде 3 ауданның 1 ауылында (жалпы 3 ауылда) жастарға арналған тұрақты коуоркинңті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету және пайдалануға беру;<br>**2.** Пайдалануға берілген әр коуоркинңте кемінде 5 іс-шара ұйымдастыру арқылы кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастыру (мысалы, әлеуметтік және инновациялық идеялар алмасу, әлеуметтік бастамаларды іске асыру, зияткерлік ойындарды ұйымдастыру және т.с.с)<br>**3.** Маңғыстау облысындағы кемінде 5 видеоролик, 5 ақпараттық постты қамтитын жастарға арналған қоғамдық кеңістіктер туралы кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастырылады | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | • Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы арқылы іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейін 80%-ға жеткізу;<br>Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушылармен кемінде 2 фокус-топтық талқылау; | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтырылады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес | Қолдау түрі |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | **№1 іс-шара.** Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты қалың көпшілікке насихаттау мақсатында әлеуметтік желіге арнайы посттар жарияланады;<br>**№2 іс-шара.** Жоба шеңберінде жүргізілген жұмысар туралы әлеуметтік желіде және аймақтағы БАҚ-та жарияланады;<br>**№3 іс-шара.** Тапсырыс беруші – Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ресми сайты мен әлеуметтік желідегі парақшасында посттар сериясы жарияланады; | |

**4. Күнтізбелік жоспар**

| №<br>Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **1-міндет – Маңғыстау облысының жастарға арналған тұрақты коуоркинті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету және пайдалануға беру:** | Тапсырыс берушімен келісе отырып, облыстағы аудандық әкімдіктермен «Маңғыстау облысында жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру» жобасын іске асыру жөнінде өзара ынтымақтастық пен серіктестік жөнінде Меморандумға қол қою. Меморандум мәні мен мазмұны Тапсырыс берушімен келісу. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Тапсырыс берушімен келісе отырып, облыстағы аудандық әкімдіктермен «Маңғыстау облысында жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру» жобасын іске асыру жөнінде өзара ынтымақтастық пен серіктестік жөнінде Меморандумға қол қойылады. Меморандум мәні мен мазмұны Тапсырыс берушімен келісіледі. |
| | | «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры Тапсырыс берушінің келісімімен таңдалған ауыл-аймақтағы (жергілікті атқарушы органның теңгеріміндегі) орын-жайды өлшеу, сараптау жұмысын жүргізу. Өлшемдер алынған соң орын-жайдың жөндеуіне қажеттіліктер бағаланып, ақау актісі жасақтау. Акті қорытындысы бойынша шығыстар көлемі есептеу | Сәуір айы | Қыркүйек айы | «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры Тапсырыс берушінің келісімімен таңдалған ауыл-аймақтағы (жергілікті атқарушы органның теңгеріміндегі) орын-жайды өлшеу, сараптау жұмысын жүргізеді. Өлшемдер алынған соң орын-жайдың жөндеуіне қажеттіліктер бағаланып, ақау актісі жасақталады. Акті қорытындысы бойынша шығыстар көлемі есептеледі. |
| | | Орын-жайды ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша шығындар сметасы жасақталып, коуоркиңтің алдын ала жұмыс эскизі жасақтау. Қор мамандары жұмыс эскизін Тапсырыс берушімен келіседі, | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Орын-жайды ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша шығындар сметасы жасақталып, коуоркиңтің алдын ала жұмыс эскизі жасақталады. Қор мамандары жұмыс эскизін Тапсырыс берушімен келіседі, ескертпелер болған жағдайда түзетулер енгізеді және бекітеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ескертпелер болған жағдайда түзетулер енгізеді және бекіту. | | | |
| | | Жұмыс эскизіне бекітілгеннен соң 2 айдан артық емес мерзімде жөндеу жұмыстары жүргізу. Сондай – ақ 2 айдан артық емес мерзімде коуоркиңке қажетті материалдық-техникалық базасы сатып алу, орналастыру. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Жұмыс эскизіне бекітілгеннен соң 2 айдан артық емес мерзімде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай – ақ 2 айдан артық емес мерзімде коуоркиңке қажетті материалдық-техникалық базасы сатып алынып, орналастырылады. |
| | | Қор мамандары жасалып жатқан жұмыстар жөнінде ауыл әкімдігі мен ауыл тұрғындарына ақпараттық-түсіндірме жұмысын ұйымдастыру, әлеуметтік желілерде сапалы видео және фото сүйемелдеу арқылы ақпараттық жұмысты ұйымдастыру. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Қор мамандары жасалып жатқан жұмыстар жөнінде ауыл әкімдігі мен ауыл тұрғындарына ақпараттық-түсіндірме жұмысын ұйымдастырып, әлеуметтік желілерде сапалы видео және фото сүйемелдеу арқылы ақпараттық жұмысты ұйымдастырады. |
| | | Жоспарланған жұмыстар 99,9%-ға біткен жағдайда, коуоркиң алаңын ашу рәсімін ұйымдастыру. Ауыл ақсақалдары мен жастары, белсенділер, Тапсырыс беруші тараптың өкілі қатысуымен салтанатты іс-шара ұйымдастыру. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Жоспарланған жұмыстар 99,9%-ға біткен жағдайда, коуоркиң алаңын ашу рәсімін ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Ауыл ақсақалдары мен жастары, белсенділер, Тапсырыс беруші тараптың өкілі қатысуымен салтанатты іс-шара ұйымдастырылады. |
| | | Коуоркиң қызметі толық іске қосылғаннан кейін 3 айдан артық емес мерзімде қоғамдық қор коуоркиңтегі | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Коуоркиң қызметі толық іске қосылғаннан кейін 3 айдан артық емес мерзімде қоғамдық қор коуоркиңтегі барлық материалдық-техникалық базаны ауыл әкімдігінің теңгеріміне береді. Теңгерімге беру материалдық-техникалық базаны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барлық материалдық-техникалық базаны ауыл әкімдігінің теңгеріміне беру жұмыстарын жүргізу. Теңгерімге беру материалдық-техникалық базаны қабылдап алу және беру актісі ретінде рәсімдеу. | | | қабылдап алу және беру актісі ретінде рәсімделеді. |
| | | Қоғамдық қор аталған коуоркиңтер желісінің қызметіне, күтіп ұстау деңгейіне 2025 жылдың соңына дейін жылына 2 рет қоғамдық бақылау жүргізу. Коуоркиңті мақсатсыз пайдалану немесе қасақана мүлікті бүлдіру жөнінде шағым болған жағдайда Тапсырыс берушіге қызметтік хат жолдау. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Қоғамдық қор аталған коуоркиңтер желісінің қызметіне, күтіп ұстау деңгейіне 2025 жылдың соңына дейін жылына 2 рет қоғамдық бақылау жүргізеді. Коуоркиңті мақсатсыз пайдалану немесе қасақана мүлікті бүлдіру жөнінде шағым болған жағдайда Тапсырыс берушіге қызметтік хат жолданады. |
| 2 | **2-міндет – Пайдалануға берілген коуоркиңте кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуын қамтамасыз ету:** | Жоғарыда көрсетілген Меморандум негізінде әрбір коуоркиң қызметіне, коуоркиңте ұйымдастырылатын іс-шаралар бойынша жеке жұмыс жоспарын жасақтау. Аталған жоспар Тапсырыс берушімен келісе отырып бекіту. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Жоғарыда көрсетілген Меморандум негізінде әрбір коуоркиң қызметіне, коуоркиңте ұйымдастырылатын іс-шаралар бойынша жеке жұмыс жоспары жасақталады. Аталған жоспар Тапсырыс берушімен келісе отырып бекітіледі. |
| | | Аталған коуоркиңтер желісін пайдаланушы – ауылдың белсенді жастарының ішінен көшбасшы жас тағайындалып, үйлестіру | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Аталған коуоркиңтер желісін пайдаланушы – ауылдың белсенді жастарының ішінен көшбасшы жас тағайындалып, үйлестіру жұмыстары жүргізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыстарын жүргізу. | | | |
| | | Коуоркиңтерде ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы ақпарат қордың және Тапсырыс берушінің, ауыл әкімдіктерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және жергілікті БАҚ беттерінде жариялау. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Коуоркиңтерде ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы ақпарат қордың және Тапсырыс берушінің, ауыл әкімдіктерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және жергілікті БАҚ беттерінде жарияланады. |
| | | Ауыл әкімдіктерімен бірлесе ауыл жастары мен азаматтарына арналған жалпы алғанда кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастыру. Демеушілер мен жергілікті тұрғындарды тарта отырып зияткерлік байқаулар, кездесулер мен семинар-тренингтер ұйымдастыру. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Ауыл әкімдіктерімен бірлесе ауыл жастары мен азаматтарына арналған жалпы алғанда кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Демеушілер мен жергілікті тұрғындарды тарта отырып зияткерлік байқаулар, кездесулер мен семинар-тренингтер ұйымдастырылады. |
| | | Коуоркиң қызметін ұйымдастыруға нысан орналасқан ауылдың аудан орталығындағы жастар ресурстық орталықтары атсалысуға шақыру. Аталған алаңдарды бірлесе пайдалану, жастар арасында танымалдылығы мен тартымдылығын арттыру бойынша нақты іс-шаралар ұйымдастыру. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Коуоркиң қызметін ұйымдастыруға нысан орналасқан ауылдың аудан орталығындағы жастар ресурстық орталықтары атсалысады. Аталған алаңдарды бірлесе пайдалану, жастар арасында танымалдылығы мен тартымдылығын арттыру бойынша нақты іс-шаралар ұйымдастырылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3-міндет – «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры жобаның инновациясы ретінде - Маңғыстау облысындағы жастарға арналған қоғамдық кеңістіктер туралы кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру міндетін ұсынып отыр.** | Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында Маңғыстау облысында жастарға арналған әлеуметтік нысандар мен креативті алаңдар, қоғамдық кеңістіктер туралы арнайы айдар ашылып, 1 айда екі реттен кем емес шолу жасақтау. | Сәуір айы | Қыркүйек айы | Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында Маңғыстау облысында жастарға арналған әлеуметтік нысандар мен креативті алаңдар, қоғамдық кеңістіктер туралы арнайы айдар ашылып, 1 айда екі реттен кем емес шолу жасалады. |

**5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы**

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **Өтініш беруші (жеке салым)** | **Грант қаражаты** | |
| 1 | **Әкімшілік шығыстар:** | | | | **2 790 000** | | **2 790 000** | |
| | **Жалақы, оның ішінде:** | | | | **2 388 000** | | **2 388 000** | |
| | Жоба жетекшісі | ай | 6 | 145 000 | 870 000 | | 870 000 | |
| | СММ менеджері | ай | 6 | 133 000 | 798 000 | | 798 000 | |
| | Есепші | ай | 6 | 120 000 | 720 000 | | 720 000 | |
| | оның ішінде | | | | **307 097** | | **307 097** | |
| | Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар | ай | 6 | 33 273 | 199 637 | | 199 637 | |
| | Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы | ай | 6 | 17 910 | 107 460 | | 107 460 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жарналары | | | | | | | |
| | **Банк қызметтері** | **қызмет** | **1** | **25 000** | **25 000** | | **25 000** | |
| | **Пошта қызметтері** | **қызмет** | **1** | **19 903** | **19 903** | | **19 903** | |
| | **Шығын материалдары, негізгі құралдарға қызмет көрсету және ұстау үшін қажетті тауарларды сатып алу және басқа да қорлар, соның ішінде:** | | | | **50 000** | | **50 000** | |
| | Кеңсе тауарлары | ай | 1 | 50 000 | 50 000 | | 50 000 | |
| 2 | **Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:** | | | | **300 000** | | **300 000** | |
| | Принтер МФУ | тауар | 1 | 125 000 | 125 000 | | 125 000 | |
| | Проектор | тауар | 1 | 125 000 | 125 000 | | 125 000 | |
| | Кеңсе жиһазы | тауар | 1 | 50 000 | 50 000 | | 50 000 | |
| 3 | **Тікелей шығындар:** | | | | **7 960 000** | | **7 960 000** | |
| | **1-міндет. Маңғыстау облысының жастарға арналған тұрақты коуоркиңті материалдық- техникалық базамен қамтамасыз ету және пайдалануға беру:** | | | | **7 960 000** | | **7 960 000** | |
| | Жиһаз сатып алу (үстел) | тауар | 18 | 25 000 | 450 000 | | 450 000 | |
| | Жиһаз сатып алу (орындықтар) | тауар | 60 | 8 000 | 480 000 | | 480 000 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жиһаз сатып алу (шкаф және сөре) | тауар | 12 | 15 000 | 180 000 | | 180 000 | |
| | Техника сатып алу (ноутбук) | тауар | 3 | 250 000 | 750 000 | | 750 000 | |
| | Техниканы сатып алу (принтер) | тауар | 3 | 150 000 | 450 000 | | 450 000 | |
| | Техниканы сатып алу (проектор) | тауар | 3 | 300 000 | 900 000 | | 900 000 | |
| | Сатып алу (**пуфик**) | тауар | 15 | 25 000 | 375 000 | | 375 000 | |
| | Кітап сатып алу | тауар | 180 | 10 000 | 1 800 000 | | 1 800 000 | |
| | Үстел футболы ойынын сатып алу | тауар | 3 | 70 000 | 210 000 | | 210 000 | |
| | Үстел теннисін сатып алу | тауар | 3 | 80 000 | 240 000 | | 240 000 | |
| | Шахмат және тоғызқұмалақ сатып алу | тауар | 9 | 15 000 | 135 000 | | 135 000 | |
| | Флипчарт тақта | тауар | 3 | 30 000 | 90 000 | | 90 000 | |
| | Құрылыс монтаждау материалдары | кызмет | 3 | 200 000 | 600 000 | | 600 000 | |
| | Кеңсе тауарлары | тауар | 3 | 50 000 | 150 000 | | 150 000 | |
| | Кабинетті ресімдеу (баспахана) | кызмет | 3 | 300 000 | 900 000 | | 900 000 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құрылыс монтаждау қызметі | қызмет | 1 | 250 000 | 250 000 | | 250 000 | |
| | **2-міндет – Пайдалануға берілген коуоркинте кемінде 15 қоғамдық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуын қамтамасыз ету:** | | | 0 | **0** | | **0** | |
| | **3-міндет – «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры жобаның инновациясы ретінде - Маңғыстау облысындағы жастарға арналған қоғамдық кеңістіктер туралы кешенді ақпараттық жұмысты ұйымдастыру міндетін ұсынып отыр.** | | | 0 | **0** | | **0** | |
| | | | | | **11 050 000** | | **11 050 000** | |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;

- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;

– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;

- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;

- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

Қуанышбай Нұрлан Алтынбекұлы - Қор директоры 2024 ж. "06" наурыз

(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)

Жағымды жаңалық